

• ТАБИҒАТ ЖӘНЕ БІЗ

Берікқара — Арқаның ең биік жерлерінің бірі. Қысы қатты, қарлы болады. Кей жылдары қардың қалыңдығы 2-3 метрге жетеді. Жазда салқын самал есіп тұрады. Шөбі өте қалың шығады. Бүлдірген, қарақат, долана, итмұрын, түйетабан, биешек, жуа, сарымсақ қалың өседі. Сайдағы сасыры кісі бойындай. Шөбінің шүйгіндігі сондай - қыстан арып шыққан мал көкке аузы тиген соң 15-20 күнде жалы күдірейіп шыға келеді. Шалғыннан жондары ғана көрінетін биелер күніне 10-15 литр сүт береді. Сиырлардың желінінен сүт ағып келеді. Берікқараның қары күрт ерісе, Тоқырауын өзені тасып, Балқаш көліне құяды.

БЕРІКҚАРАНЫҢ



1952 жылы Тоқырауын өзені тасыды. Интернатта жататын балалар өзен жағасына жиналды. Арғы жағы аэропортқа, бергі жағы милиция кеңсесіне дейін келді. Бізге дүниенің бәрін су басып кеткендей болып көрінді. Бір сең бір сеңді соғып, гүрілдеген дыбыс шығарып, жолындағының бәрін қопарып, өзенге жақын ауылдардың иттері ұлып, малдары шулап, келе жатқан апатты хабарлағандай болды. Ел малдарын қырға айдап, әбiгерге түсті.

Тоқырауын өзені Берікқара тауларының сансыз бұлақтарынан бастау алады. Осы бұлақтардың бәрінде болып, суын ішкенбіз. Себебі, жаз бойы колхоздың малына шөп шапқамыз. Әр 15 күнде бір бұлақтың басынан екінші бұлаққа жұрт ауыстырамыз. Көшіп келісімен, бұлақтың көзін ашып, тазалаймыз. Айналасындағы шөптерді жұлып, салындысын сыртқа шығарып, ағысын тазалаймыз. Айналасына жалпақ тастар төсеп, бұлақ суы тұнуын күтіп отырамыз. Ең бірінші ауыл ақсақалы дұға оқып, бұлақтың суынан ауыз тиеді. Сонан кейінгі кезек балаларға келеді. Жылқыша баспалап, сылқылдатып жұтамыз. Бұлақ суының суықтығы сондай - тісің сырқырап, шекеңнен өте шығады. Енді Тоқырауын өзеніне осындай бұлақтардың нешеуі құятынына тоқталайық.

Тоқырауын өзені Айдарлы тауындағы суы мол бұлақтардан бастау алады. Бұл суды Ақтас өзені деп атайды. Екі-үш шақырымнан кейін Берікқара сайының келіп құятын бес бұлақ бар. Ақтас өзенінің суы мол болушы еді. Үлкен екі қара суы болатын. Олар: «Үш-қызкеткен», «Қайыққалған» деп аталады. Біз жазда осы судың жағасындағы құмға қыздырынып, суына шомылатынбыз. Қазір ол сулар жоқ, орны ғана. Өзен суы жылдан-жылға азайып келеді. Жазда жылап қана ағады.

Ақтас өзеніне Зейімқали, Шәугімбай қыстақтарының айналасындағы 7 бұлақ, 2-3 шақырымнан кейін Қарабұлақ, Балықты бұлақ, Қызылбұлақтардың суы қосылып, Қобай өлкесімен, Қарамола қыстағының мол сулы бұлақ суын қосып алып, Сейітқазы қорасының жанындағы қос бұлақтың суымен молайып, қазіргі Ақтас аулының жанындағы өзенге құяды. Жан тауында үш бұлақтың суы ащы өзектің астымен өзенге қосылады. Омар, Бұрмағаш, Қараағаш қыстақтарындағы бұлақтар жолдағы Маңқа бұлақтың суын қосып алып, Ақтас өзеніне қосылады. Суы молайған өзен Былқылдақтан келетін бұлақ суларымен молайып, Қуаныш елді мекені жанымен, Қарамеңде би бейітінің тұсында Тоқырауын өзеніне келіп құяды.

Тоқырауын өзеніне келетін екінші сала - Егізқойтас өзені. Бұл өзен Қызылтас таулары бұлақтарының суынан құралады. Бұрынғы Пушкин, Киров атындағы «Сәуле» колхоздарының жанымен Тоқырауын өзеніне құяды. Өзеннің «Тоқырауын» аталуы, бұрынғы «XXII партсъезд» совхозынан 10-15 шақырым шыққаннан кейін ағысы тоқырайды, яғни, тоқтайды. Өзен суы жер астымен Балқаш көліне құяды. Бұрын Балқаш тұщы судың жоқтығынан көп зардап шегетін. Қазір Балқаш халқы Тоқырауынның тұщы суын ішіп, рахатқа батты. Аталарымыз «Бұлақ көрсең, көзін аш!» деп бекер айтпаған. Бұлақтардың көзін жиі ашып отырса, өзен сулары молаяды.

Енді Берікқараның солтүстігіндегі бұлақтар, Қарқаралыға қарай ағатын Сырым өзені жайында айтайық. «Қызылжар» колхозы жерінен басталатын осы өзен жолындағы елді мекендерде әр

түрлі аталады. Милыбұлақ елді мекенінде Көктал өзені деп аталса, Нұркен аулында Жарлы өзені деп аталады. Ал Тоқтар аулында Қаратал өзені, бұрынғы «Қарқаралы» совхозында Көктас өзені, «Жосалы» демалыс үйінің жанында Жосалы деп аталады. Бұл өзен Қарасор көліне жер астымен келіп құяды. Емдік қасиеті бар Қарасор көлінің Арал теңізі құсап шаң-топыраққа айналып кетпей, өзінің емдік қасиетін сақтап тұруына Берікқара бұлақтары суының да шапағаты бар. Қарасор көлінің сазын, Қарқаралы, Қарағанды, Астана емдеу орындары пайдаланады.

Сырым өзенінің бастауы Ақшоқы тауының етегіндегі Тастыбұлақ пен Ақбұлақтан бастау алады. Малдандағы Жамбасбұлақ, Ыстыбұлақ, Сарыжал, Өділбек қыстақтарындағы Қосбұлақ, Кіші Бүркіттідегі Жайлаубұлақ, Шаңырақтау етегіндегі Кенжетай бұлағы, Қаракезеңдегі Қарабұлақ, Баласырымдағы Көлдібұлақ, Жақып Ақбаев қыстағындағы мол сулы екі Қайнарбұлақ, Ақтастағы Ұзынбұлақ, Үлкен Бүркітт бұлағы, Мияыбұлақ, Бижан сайындағы 8 бұлақ, Дөненбай сайындағы Қосбұлақ, Қаңқайдағы Шағалам бұлағы, Қарақуыс қыстақтарынан келетін бұлақтар, Боқан тасындағы, Аттама, Байке қыстақтарынан келетін бұлақтар Көктал өзеніне келіп құяды. Бұл өзен де Берікқараның қалың қары күрт еріген кезде қатты тасиды. Жолындағы елді мекендерді әбiгерге салады. Жарас-Тоқан тауларындағы бұлақтардың суы бұрынғы Бейбітшілік елді мекенінің жанымен Ежебай аулына келгенде Кеңестас таулары бұлақтарының суымен молайып, Жарлы өзеніне қосылады. Шығыстан Аппаз өзені Жекежалдың жанымен Жарлыға қосылады. Берікқара тауларынан шығатын бұлақтар Ақтоғай, Балқаш, Қарқаралы халықтарын бұлақ суымен қамтамасыз етіп отыруына мақтанамын. Отанын сүю туған жерін сүюден басталады ғой. Мектептерімізде дүниежүзінің географиясын оқытумен шектелмей, туған жердің бұлақтарын, өзендерін, көлдерін, таулары мен өлкелерін, тоғайлары мен өсімдік, жануарлар әлемін сүйіп, сақтап, күтуді оқушыларға үйрете білуіміз керек. Осы мақалада жазылған дүниелерді мектепте карта жасатып, көрсетіп, жаз айларында

компьютер мен телеэкранға телміріп отырған балаларды автобуспен туған жерге көп күндік саяхат жасатып, бұлақ көзін аштырып, туған жерін сүюге үйретсе - үлкен іс болар еді.

Тарих жадында тек ұлы адамдар ғана қалады. Солардың бірі — Қ.Сәтбаев. Ол Ертіс өзенінің суын Қарағандыға әкелді. Қазақстан жеріндегі пайдалы қазбалардың картасын жасады. Өзбекстанда қызмет жасап жүрген ғалым-гидролог Кенесаринді шақырып алып, облыстарда, аудандарда су ұйымдарын ашып, жер астындағы тұщы сулар қорының картасын жасатты.

Қарқаралы ауданында құрылған су шаруашылығының алғашқы басшысы Нұрсұлтан Оразбеков жер асты суларының картасын жасауды, тұщы су қорын анықтауды Милыбұлақ елді мекенінен бастады. Жаз бойы бұрғылап, Милыбұлақтың астында тұщы судың мол қоры барын анықтады. Ескі Нұркен мен бұрынғы «Восток» совхозының Қарасу бөлімшесі арасы 10-15 шақырым. Осы екі аралықтағы жер артында ұзындығы 10 шақырым, көлденеңі 4-5 шақырым суы тұщы үлкен көл барын анықтады, оны картаға түсірді. Совет үкіметі кезінде мол ақша жұмсап, бұл көлден Қарқаралыға су құбырын жүргізбекші болып, 2-3 жыл жұмыс жасады. Мырзашоқының жанына келгенде жер астындағы алып жартасқа тіреліп, 3-4 шақырым жердегі көлге жете алмай, іс аяқсыз қалды.

Жер планетасы жылдан-жылға жылып келеді. Қыста қар аз жауса, жазда жаңбыр бір тамбай, қуаңшылық жиі байқала бастады. Бұлақтар тартылып, өзен арнасы кеуіп, жануарлар мен өсімдіктер судан зардап шегуде. Осындай қуаңшылықтан тіршілік жойылып кетпеуінен тек жер асты сулары сақтайды.

Жер үстіндегі көлдер мен өзендер суы буланып, аспанға ұшып кетеді. Табиғаттың адам баласына жасаған ерекше сыйы - жер асты суы. Жер астында мөл-мөлдір, сұп-суық, суы тұщы көл жатыр. Бұл - орасан байлық, су - тіршілік көзі, сулы жер — нулы жер. Мұндай мол сумен егін де, шөп те өсіруге, мал бордақылап, еттің мол қорын жасауға болады. Сиыр фермаларын ұйымдастырып, сүт, май өндіруге мүмкіндік бар. Бие, түйе өсіріп, қымыз, шұбат өндіріп, облыс тұр-

ғындарын қамтамасыз ете аламыз.

Жастарымыздың есінде болсын деп сөзбен Берікқарадан ағатын бұлақтардың, екі өзеннің, жер астындағы тұщы сулардың картасын жасадым. Еңбек еткісі келетін, адал кәсіппен шұғылданғысы келетін жастарға, ақшасын қайда жұмсарын білмей жүрген қалталы азаматтарға бұл таптырмас мәліметтер. Ауыл шаруашылығын әр қыстақта 50-60 қой, 6-7 сиыр, 3-4 жылқы бағып отырған қарттар өркендете алмайды. Ауыл шаруашылығын жаңаша жүргізетін ақшалы азаматтар керек. Жер жетеді, су бар, техника, құрылыс материалдары жеткілікті, бұдан артық не керек?

Жер асты суын алғаш пайдаланған Нұркен аулы. Инженер Совет Дыңғыров 32 су сорғысы арқылы екпе шөпті жаңбырлата суарып, күзге дейін екі рет орып, Нұркен совхозында шөп молшылығын жасады. Сиыр фермасындағы сауын сиырлардан мол сүт өндіріп, Қарағайлыдағы сүт заводына өткізіп отырды. «Сүт — сиырдың тілінде» деп бекер айтпаған. Көк шөп пен сүрлемге тойған сиыр сүтті көп береді.

Сүт зауытына «Киргизия», «Қарқаралы» совхоздары да сүт әкеліп отырды. Совет үкіметі құлағаннан кейін зауыт тоқтады. Жабдықтарын әркім бұзып әкетті. Бітіп тұрған істі бұзуға бауырларымыз шебер екен. Нұркендегі 32 сорғының жабдықтарын да айналасы 2-3 айда жоқ қылды.

Бұлақтарды ұлы адамдар қалай бағалайтынын мына мысалдардан көруге болады. Машина, ұшақ жоқ уақытта Әлихан Бөкейханов сонау Омбыдан ат арбамен 2-3 жылда бір рет әкешесінің басына келіп тұрған. Бір келгенде әке-шешесінің басына шет елден ағаш өскінін әкеліп, еккен. Оны өсіріп, күтуге кісі жалдаған. Соңғы рет келгенде ағаштың жақсы өскенін көріп, қатты қуанған. Сол жолы бұлақтың көзін ашып, суынан ішкен. Тоқырауын өзенінің суына шомылып, құмына қыздырылған. Бұл Әлиханның өз қыстауына соңғы рет келуі екен.

Жақып Ақбаев жұмыстан сәл қолы босаса, Алтуайт қайқаңындағы қыстауына келіп, қайнар бұлақтың басына тастан шебен орнатып, мал ішетін көлшік жасатып, бұлақты өте қадірлеген. Келген сайын Сырымдағы көп ауылға соғып, әр балаға тәтті үлестіріп, маңдайларынан искеп, үлкендерге сәлемдесіп, ауыл адамдарының мұң-мұқтажын тыңдап, ақыл-кеңес беріп кететін. «Жақкемнің ауылға келгені үлкен мейрам болушы еді»- деп әкей айтып отыратын. Жақкемнің қыстағынан 6-7 шақырымда ағасы Ыбырайдың үлкен Бүркіттідегі ауылы бар. 10-15 шақырым жерде Әлімхан Ермековтің ауылы тиіп тұр.

«Лагерден босап келісімен Әлімхан аға Қызыларайдағы қыстағына келіп, әке-шешесіне дұға оқып, қыстақтағы үш бұлақты да тазалатып, суынан ішіп, жанындағы тауға шығып, жан-жағына үнсіз қарап көп тұрды»,- деп еске алатын жиені Мейірхан Кенжебаев. Сол жолы Жақкем аулының орнына да барыпты. Милыбұлақтың суынан ішіп, бұзылып қалған екі қабатты үйлердің салыну тарихын өңгімелеп беріпті.

Сөз соңында бұлақтардың көзін ашып, суы тартылып, даласы құрғап бара жатқан өлкеміздің экологиясы жақсаруына үлес қосайық демекпін.

Құрал СӘМЕНОВ,
КСРО-ның және Қазақ КСР
халық ағарту ісінің үздігі,
тыл ардагері.